



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ынтымақтастық ұйымы арқылы Қазақстан хадықаралық аренадағы өзінің ықпалын көтеріп, әлемдік держава елдерімен мықты дипломатиялық қарым-қатынасты орнатуы, аймақтағы мәселелерге араласып және өңірдегі мемлекеттермен одан әрі даму стратегиясын бірлесіп шешуі болып табылады.

Қазіргі таңдағы бүкіл әлемді толғандыратын терроризм, экстремизм және сепаратизм мәселесі өзекті болуда. Әр мемлекеттің басты мақсаты ол елді жаудан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай Шанхай ынтымақтастық ұйымы оған кіретін мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін және ынтымақтастығын алдыңғы қатарға қойған ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының осы ұйымға мүше болуы оның қауіпсіздігін және өзге мемлекеттермен қарым – қатынасының нығаюының жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Қазақстан үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысудың маңызы орасан. Қазақстан ШЫҰ-ға үлкен маңыз береді әрі өзінің ұйымның қалыптасуын ұйымдастыруға қатысуын басым міндет деп санайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ШОС и страны Ближнего и Среднего Востока. Ғылыми басылым М.Р.Арунова. Москва, 2011. – 230 с.
2. Комиссина И.Н. Размышления после саммита ШОС: новые реалии, новые перспективы//Проблемы национальной стратегии.–2016-№1(34).-с.68-70
3. Н.А. Назарбаев. Новое Послание народу Казахстана Новое десятилетие – новый экономический подъем - новые возможности Казахстана.«Казахстанская правда»,№ 21 (26082) от 30 января 2010.
4. <https://news.rambler.ru/world/32065178-spiker-senata-kazahstana-ozvuchil-predlozheniya-po-borbe-s-terrorizmom/?updated=news#welcome>

ӘОЖ327(5-15)

ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ ТАЯУ ШЫҒЫС МӘСЕЛЕСІ

Қанатқалиев Бағдат Мұхитұлы

bagdat.kanatkaliev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 4-курс студенті, Астана,Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Букешова Г.К

Әлемдік қауымдастық XX және XXI ғасырлар тоғысында өзінің саяси дамуында сапалы жаңа сатыға аяқ басты. Биполярлық жүйенің құлауы және қарқынды дамыған аймақтық қақтығыстар санының артуы, жаһандану үрдісінің жеделдеуі тек "қырғи қабақ соғыстың" аяқталуын ғана емес, сонымен қатар жалпы барлық әлемдік тәртіптің трансформациялануын білдіреді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейін жер шарының "ыстық" нүктелерінің біріне айналған Таяу Шығыс аймағы өзінің геосаяси орналасуы, аймақтық экономикалық маңыздылығы, дүниежүзінің жетекші елдерінің аймаққа қатысты саяси ұстанымдары бойынша бүгінгі күні де аталған аймақты әлемдік саясаттағы маңызды ошақтардың біріне айналдырып отыр.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Таяу Шығыстағы жетекші державалардың саясаты аталған аймақтағы стратегиялық, саяси және экономикалық қызығушылықтарын қамтамасыз етуге бағытталды. Оның ең маңыздыларының бірі аймақтың ірі мұнай кен орындарына бақылау орнату болды және болып қала береді. Ірі мұнай-газ кен орындарына бақылау орнату аймақ экономикасының басқа да салаларына монополистік капиталдың енуі және бекітілуі үшін қажетті алғышарттар қалыптастырды.

Таяу Шығыс аймағы оны жер шарының басқа аймақтарынан бөліп көрсететін бірқатар ерекше белгілерге ие. Өзінің геосаяси орналасуы бойынша Таяу Шығыспен жер шарының

кез-келген бұрышын салыстыру қиын, өткені ол жер шарының үш бөлігінің: Еуропаның, Азияның және Африканың түйіскен жерінде орналасқан.

Бірмезгілде Таяу Шығыс аймағы өзінің үздіксіз қақтығысты жағдайымен де белгілі. Аймақта туындайтын дағдарыстарды реттеудің қиындығы елеулі дәрежеде бұл аймақтың мемлекеттері мүдделерінің үсті-үстіне үйілуімен, аймақтан тыс державалардың бақталастығымен, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстармен байланысты. Сонау ХҮІІІ ғасырдың соңынан бастап араб әлемі ұлы державалар мүдделерінің қақтығысу және бақталасу аймағына айналды, ал "қырғи қабақ соғыс" жылдарында Таяу Шығыс аймағы Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы шиеленістің негізгі сахналарының бірі болды. Қазір де Таяу Шығыс аймағы батыс державалары сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл аймаққа, әсіресе, АҚШ-ның қызығушылығы орасан зор. Ол аймақ елдерінің басым көпшілігімен жақсы қрым-қатынас орната отырып, аймақтағы оқиғалардың даму барысына ықпал ете алу мүмкіндігіне ие.

ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында Таяу Шығыс аймағы әлемдік қауымдастықтың назарын өзіне аудартып отыр, оған санаулы апта ішінде тұрақты саяси дамудың барысын өзгерткен революциялық оқиғалар себеп болды. Бұл оқиғалар - "араб көктемі" атанған оқиғалар - бір елдерде билеуші режимдердің ауысуына, ал енді біреулерінде - ішкі саясаттағы елеулі өзгерістерге алып келген араб әлеміндегі өзінің мазмұны бойынша жаппай халық толқуларының революциялық толқыны. Бірқатар елдерде бұл толқулар сыртқы күштердің тікелей интервенциясымен (Ливияда солай болды) немесе олардың шектен тыс белсенді саяси ойынымен (Египетте болды және Сирияда жалғасуда) өрбіді.

Ірі халықаралық акторлардың Таяу Шығыс аймағына қызығушылығы әр уақытта болды және ондағы кез-келген саяси өзгерістер дүниежүзіндегі күш тепе-теңдігіне түбірімен ықпал етеді. Сонымен қатар бұл ықпалдың кері сипаты да бар. Аймақ халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесінде өте маңызды орынды иеленеді. Табиғи ресурстары қорының молдығы, ауқымды әскери потенциалы, сауда жолдарының сәтті орналасуы, көптеген қақтығысты жағдайларға қатысуы оған дүниежүзілік оқиғалардың барысына тұрақты ықпал етуді қамтамасыз етеді, ал бұл, өз кезегінде, зерттеушілер мен саясаттанушылардың назарын аудартып отыр.

Қазіргі жаһандану жағдайында Таяу Шығыс сияқты әлемдік маңызы бар аймақтағы оқиғалар, ондағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруі, жетекші елдердің ұстанымдары үлкен маңызға ие. Таяу Шығыста соңғы уақытта орын алған тұрақсыздық күллі әлемнің дамуына кері әсерін тигізуде. Бұл орайда жетекші елдердің аймақта жүргізіп жатқан белсенді саясаты, аймақ елдерінің позициялары мен даму ерекшеліктері ерекше қызығушылық тудырады. Дипломдық жұмыстың өзектілігі де осында жатыр. Әлемдік сахнада маңызды роль атқаратын Ресей және АҚШ сияқты жетекші елдердің бұл аймақтағы саясаты әлемдік оқиғалардың даму барысына бірден-бір әсер ететін жайт

Таяу Шығыс аймағы туралы айтқанда, ең алдымен, аталған аймақ ұғымының мәнін анықтап алу қажет. Шығыстанушы-ғалымдар, географтар, экономистер немесе тарихшылардың өздерінің жеке ғылым жүйесімен негізделген өз пікірлері қалыптасқан. Нағыз ақпараттық өнімге негізделген қазіргі БАҚ тіпті Таяу Шығыс аймағына оған қатысы жоқ аймақтарды қоса отырып, ұғымды әдейі жеңілдетеді.

Көбінесе "Middle East" терминін қолданатын шетелдік авторлардың (негізінен ағылшын тілді) еңбектері мен мақалалары да шатастырушылық туғызады, ал Ресейде аталған терминді кейде жай ғана "Орта Шығыс" деп те аударады.

Мұндай шатасушылықтардың себебі түрлі ғылыми бағыттардың көптігінде емес, сонымен қатар "Таяу Шығыс" терминінің өзінде де болып отыр. Бұл жерде не себепті бұл аймақ "шығыс" болып табылады және "неліктен ол "таяу" деген сұрақ туындайды. Терминнің батысевропалық ғылым шеңберінде пайда болғандығы және европалықтардың түсінігіндегі европадан Шығысқа және Оңтүстікке қарай жатқан елдер туралы географиялық орналасуы болып табылғандығы айқын. "Таяу Шығыс" ұғымы батыстық гуманитарлық ғылымда тұрақты орнықты және әлемдік ғылыми және ғылыми-танымал әдебиетте кеңінен

қолданылады [12, 8 б.].

Классикалық география нақты категорияларға - құрлықтар, аралдар, мұхиттар, жер шарының бөліктері және т.б. сүйенеді. "Таяу Шығыс" бұл көзқарас тұрғысынан - абстракция. Географиялық Таяу Шығыс Батыс Азияда орналасқан. Бірақ "Батыс Азия" "Таяу Шығыс" терминін алмастырушы немесе оның аналогы бола ала ма екен. Бұдан кейін қарастырылатын мәдени және саяси бағыттар бізге Таяу Шығысты Солтүстік Африка территориясынан бөлуге мүмкіндік бермейді. Дегенмен, отандық және шет елдік әдебиеттерде арабтық "Машрик" және "Магриб" жерлерін әділетті түрде бөліп көрсетуге тырыса отырып "Таяу Шығыс және Солтүстік Африка" сөз тіркесін қолданып, Солтүстік Африканы жеке бөліп көрсетеді. Бірақ географиялық көзқарас тұрғысынан "Оңтүстік-Батыс Азия және Солтүстік Африка" деп атау дұрыс болар еді [13, 91 б.].

Таяу Шығыстан басқа Иран, Ауғанстан және тіпті Пәкістан жатқызылатын Орта Шығысты бөліп көрсетеді. Оның "орта" болу себебі Таяу және Қиыр Шығыс аралығындағы орталықта орналасуы болып табылады. Бұл жерде де "таяу-қиыр" критерийі Европандан алшақтығында болып отыр.

Мәдени және өркениеттік бағыттар Таяу Шығысты қоныстанушы халықтардың өркениетінің бірлігі және ұқсастығы туралы айтады. Бірақ бұл бағыттар да қойылған мәселеге толық жауап бермейді. Мысалы, мәдени-діни принципке негізделген және өзіне Таяу Шығыс территорияларын біріктіретін "мұсылман әлемі" ұғымы аймақ шеңберінен әлдеқайда шығып кетеді. Мәдениеттанушы А. Тойнби ұсынған "араб-мұсылмандық" өркениет нұсқасы, керісінше, шеңберді тарылтып жібереді.

Саяси тұрғыдан бүгінде Таяу Шығысты Ирансыз елестету мүмкін емес. Аймақтың ең дамыған елдерінің бірі бола отырып, Иран Ислам Республикасы өзінің географиялық жағдайы, көмірсутектің ірі ресурстары және тартымды идеологиясының арқасында аймақта маңызды роль атқарады. Сонымен қатар саяси "Таяу Шығысқа" Түркияны да қоспай қалуға болмайды. Батыстық бағытына, НАТО-ға мүшелігіне және Европалық Одаққа кіруге ұмтылысына қарамастан, Түркия өзінің бұрынғы империялық ықпалын сезінуін жалғастыруда және бүгінде таяушығыстық саяси үрдістердегі маңызды ойыншы болып табылады [14, 82 б.].

Одан басқа, аймақ елдері түрлі ұйымдарға кіруімен саяси және экономикалық байланысты, мысалы, Араб мемлекеттері Лигасы, оған біржақты негізде "Таяу Шығысқа" жатқызу қиын Джибути, Сомали және Комор аралдары кіреді.

"Таяушығыстық аймақтылықты" анықтауда әскери-стратегиялық бағыт та маңызды орын алады. XX ғасырдың басына дейін стратегиялық маңызы бар "Таяу Шығыс" ауданы Балканнан Египетке созылып жатқан Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі Аравия түбегінің батыс жағалауындағы сызықпен шектелді. Әскери-техникалық прогрестің, сонымен қатар қысқа мерзім ішінде мыңдаған шақырымдарға күйрете соққы беретін қару-жарақты жеткізуге мүмкіндік берудің арқасында - Таяу Шығыс әскери-стратегиялық көзқарас тұрғысынан өзінің шекарасын кеңейтті және өзіне барлық араб елдерін, Түркияны және Иранды біріктіреді. Жүз жыл бұрын әскери кампаниялардағы күрделі кедергілердің бірі су, құм немесе тау массивтерінің болуы есептелді. Қазіргі авиация, ракеталық техника және мобильды әскер үшін Таяу Шығыс территориясының үлкен бөлігін жауып жатқан шөлдер күрделі кедергі болып табылмайды.

Ұзақ жылдардан бері біздің жер шарымыздың неғұрлым "ыстық нүктелерінің" бірі Таяу Шығыс болып келеді. Жағдайдың шиеленісуі, аймақтың жекелеген елдеріндегі күрделі ішкі саяси жағдаймен қоса осында орналасқан араб елдері және Израиль арасындағы қатынастардың жоғарғы шегіне дейін шиеленісуі, империалистік державалардың араб мемлекеттерінің ішкі істеріне араласу актісінің тоқтамауы, араб халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарының үздіксіз өсуі - осының барлығы Таяу Шығысқа әлемдік қауымдастықтың назарын аудартып отырған өткір және үнемі ауыспалы саяси келбетін қалыптастырады.

Таяу Шығыстағы қауіп-қатерлердің аймақтық және жаһандық деңгейде маңыздылығы жоғары, яғни аймақтық қақтығыстар тек аймақ елдеріне ғана емес, жалпы әлемге өзінің

әсерін тигізеді. Бұл лаңкестік, жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау және этно-конфессионалды қақтығыстар.

Бұл аймақтағы араб мемлекеттері негізінен XX ғасырдың басына дейін Осман империясының құрамында дамыды. Таяу Шығыс аймағы XIX ғасырдан бастап ірі державалардың өзара бәсекелестік сахнасына айналды. Аймақта негізгі орынды Англия мен Франция иеленді. Сауд Арабиясынан басқа араб мемлекеттері XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басы Англия мен Францияның отарына айналды. Отарлық жүйенің ыдырауы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, 1970 жылдарға дейін жалғасты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Таяу Шығыста Еуропаның рөлі әлсіреп, Америка Құрама Штаттары негізгі орынды иеленді. Таяу Шығыс аймағы "қырғи қабақ соғыс" жылдары АҚШ пен КСРО-ның өзара бәсекелестік сахнасына айналды [12, 33 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталу кезеңінен бастап Таяу Шығыс қақтығыстардың орталығына айналды. Таяу Шығыстағы негізгі мәселе - Палестина мәселесі. Сонымен қатар аймақта этникалық, діни және территориялық қайшылықтар сақталған. Аймақта қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері жеткілікті.

Екінші дүниежүзілік соғыс араб әлеміндегі еуропалықтардың иелік етуіне нүкте қойды және сонымен қатар бірізділікте Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін орныққан саяси шекараны бекітті. Сирия және Ливан 1941 және 1946 жылдар аралығында Франциядан тәуелсіздігін алды. Египет және Ирак бұл статуска 1930-жылдары қол жеткізді, бірақ соғыс 1952 жылы Египетте және 1958 жылы иракта әскери төңкерістер жасап, бұл елдердегі Ұлыбританияның артықшылық жағдайын жойған күштердің өсуіне ықпал етті. Судан 1956 жылы тәуелсіздігін алды. Сол жылы Иорданияға британдық иелік ету жойылды. Марокко, Тунис және Алжир Франциядан тәуелсіздіктеріне 1956 және 1962 жылдар аралығында ие болды. 1961 жылы - Кувейт, 1967 жылы - Оңтүстік Йемен, 1971 жылы - Бахрейн, Катар және Біріккен Араб Әмірліктері тәуелсіз елге айналды. Бұл қатардағы маңызды ерекшелік 1948 жылы құрылған Израиль мемлекеті, палестиналық арабтар және аймақтың араб елдерінің үкіметтерімен арадағы өткір қақтығыс аренасына айналған Палестина болды [25, 214 б.].

Таяу Шығыс қақтығысы - бұл бір жағынан, бірқатар араб елдері, сонымен қатар Израильмен бақыланып отырған палестиналық территориялардың жергілікті араб халықтарымен қолдау тапқан арабтық әскерилендірілген радикалды топтар және, екінші жағынан, сионисттік қозғалыстар, ал кейіннен Израиль мемлекеті арасындағы қарама-қарсылық. Дегенмен Израиль мемлекеті тек 1948 жылы құрылғанымен, іс жүзінде қақтығыс тарихы еврейлердің жеке мемлекеттері үшін күреске бастама болған саяси сионисттік қозғалыс құрылған кезден, XIX ғасырдың соңынан бастап жүз жылдыққа жуық уақытты қамтиды.

Таяу Шығыс - геосаяси, геостратегиялық және экономикалық тұрғыдан аса маңызды аймақ, қазіргі таңда халықаралық қауіпсіздіктің мәселелері мен қауіптердің басты қайнар көзі болып табылады. Жаппай қырып-жою қаруының таралу қаупі, халықаралық лаңкестіктің қаупі, аймақта аталмыш "қалыптасып бітпеген" мемлекеттердің бар болуы, палестина-израильдық қақтығыстардың реттелмегендігі - осының барлығы Таяу Шығыс аймағын қазіргі таңдағы жарылыс болу қаупі ең жоғарғы мүмкін нүктесіне айналдырды, қазіргі кездегі Таяу Шығыстағы әскери-саяси жағдай белгілі бір деңгейде Сирияда жүріп жатқан оқиғаларға тәуелді, оған ішкі және сыртқы факторлар ықпал етті.

Ішкі факторларға сириялық армияның (РФ ӘКК қолдауымен) Ислам мемлекетіне шабуылын одан әрі дамытуы және елдегі саяси өмірді реттеу үшін бітімгершілік іздеуі жатады.

Сыртқы факторлар көп жағдайда Вена келіссөздерінде дайындалған сирия дағдарысын реттеу бойынша "жол картасына" немесе жоспарына тәуелді болды. Сирияда жаңа президенттік сайлауды өткізу, коалициялық үкімет немесе өтпелі кезең үкіметін құру қажеттілігі төңірегінде "қызу" дипломатиялық күрес өрбіді.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы «араб көктемі» деп аталып кеткен саяси-әлеуметтік дүрбелең халықаралық қатынастардың жаңа кезеңін белгілегені анық. Тунис,

Египет, Алжир, Марокко, Иордания, Ирак, Судан, Ливан, Бахрейн, Ливия мемлекеттерінде орын алған бұл қақтығыстар аймақтық және әлемдік қауіпсіздік мәселесіне де өзіндік әсер етті. Бірінен соң бірі болған толқулар - бір елдерде бейбіт шеру өткізумен шектелсе, енді біреулерінде қарулы қақтығысқа дейін барды.

Таяу Шығыс аймағында жүріп жатқан оқиғаларда дүниежүзінің жетекші елдерінің және аймақ елдерінің саясаты маңызды орын алады. Таяу Шығыс аймағының маңызды стратегиялық орны осы аймаққа ықпал етуге тырысқан державалар саясатында ерекше орын алды. Өз кезегінде Таяу Шығыстағы арабтық отарларынан айырылғысы келмеген Англия, мұнай көзіне ие болуды көздеген АҚШ, коммунистік лагерьге жанадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді тарту және ең бастысы АҚШ-пен арадағы қауіпсіздік шекара сызығын айқындау, оған қарсы тұрар күшті аймақ елдерінің есебінен шешуді көздеген КСРО-ның китұрқы саясаты аймақта әлі күнге дейін жалғасып отырған Таяу Шығыс шиеленісін туындатты.

Халықаралық терроризммен күрес - Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясында анықталған американдық сыртқы саясаттың маңызды саласы. Сириядағы АҚШ қызығушылықтары айқын, бірақ іс жүзінде ресми Вашингтон және оның одақтастары аймақтағы ресейлік қызметтің жандануымен сәйкес келмейтін басқа стратегиялық мақсаттарды көздейді.

Таяу Шығыс АҚШ-ның өмірлік маңызды қызығушылықтарының басты аумақтарының бірі болып қалуын жалғастырады. Америка үшін аймақтың маңыздылығы тек энергетикалық емес, сонымен қатар геосаяси факторлармен де анықталады. Терроризммен күрес ұранын жамылған АҚШ Ресейді Таяу Шығыстан, сонымен қатар оның маңызды аймақтары - Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азиядан ығыстыру саясатын жүргізіп келеді.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың екінші жартысының өн бойында таяушығыстық аймақ американдық басшылық үшін үш аспектіде зор маңызға ие болды деп айтуға болады: 1) мұнай; 2) "қырғи қабақ соғыс" шеңберінде Кеңес Одағымен "шайқас алаңы"; 3) Израильдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бірінші пункт бойынша АҚШ-ның басты серіктесі және одақтасы, әрине, Сауд Аравиясы, екінші және үшінші бойынша - Египет болды.

Таяу Шығыс АҚШ үшін дүниежүзінің маңызды аймақтарының бірі болып табылады. Дәстүрлі түрде Таяу Шығыстағы американдық қызығушылықтар Израильді қолдауды, Иранның күшеюіне қарсы әрекеттерді, аймақта мұнай өндірудің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді біріктіреді. АҚШ-ның Таяу Шығыстағы негізгі одақтастарына, НАТО-ға кірмеген, Сауд Аравиясы, Иордания, Израиль, Кувейт, Катар және Бахрейн жатады. Барлық осы елдер АҚШ-нан ірі көлемде әскери және экономикалық көмек алады, ал олардың кейбіреулерінде американдық ірі әскери контингент орналастырылған. Таяу Шығыстың бірқатар елдерінде, оның ішінде АҚШ серіктес-елдерінде де, "араб көктемі" ретінде белгілі режимдердің ауысуы аймақтың геосаяси ландшафтын біршама өзгертті.

Ислам мемлекетінің қалыптасуында АҚШ-нан басқа Түркия, Сауд Аравиясы және Катар алдыңғы орындарды иеленеді. Бұл мемлекеттердің идеологиясы толығымен ИМ идеологиясымен сәйкес келеді және олар Таяу Шығысты геосаяси қайта құруға қызығушылық танытып отыр. Бұған қоса, Ресей үшін "Ислам мемлекетінің" қаупі барған сайын айқын және қауіптірек бола түсуде. ИМ біртіндеп өз ықпалын Орталық Азиялық посткеңестік кеңістікке және Ресей одақтық қатынасқа түсетін шекаралас ТМД және ҰҚШҰ елдеріне таратады.

Таяу Шығыс өз саясатын энергетикалық салаға, ислам әлемімен өзара қарым-қатынасына, аймақтық қауіпсіздікті қолдауға, әскери-техникалық ынтымақтастыққа, энергетикалық саладағы экономикалық кооперацияға, халықаралық терроризммен күреске және оңтүстік бағытта стратегиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге шоғырландырған Ресейдің өмірлік маңызды қызығушылықтарының басты аумақтарының бірі болып табылады.

Таяу Шығысқа қатысты РФ саясатының және жүріп жатқан оқиғалар жағдайындағы маңыздылығы қазіргі кезде ең алдымен Ресейдің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі, аймақтық дағдарыстарды реттеудің белсенді қатысушысы ретіндегі әлемдік статусымен

анықталады.

Жалпы қорыта айтқанда, Таяу Шығыс аймағы елдеріндегі қақтығыстар аймақта шиеленісті жағдайды ушықтырып, халықаралық қатынастардың даму үрдісіне белгілі бір дейгеде ықпал етіп отыр. Энергетикалық ресурстардың маңыздылығы артқан сайын Таяу Шығыс қақтығысты аймақтардың біріне айналып, шиеленістер бәсеңдейтін емес. Сондықтан да, барлық мемлекеттер әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басты мақсат тұтқан халықаралық ұйымдар аясында (мысалы, БҰҰ, ИЫҰ сияқты) бірлесе әрекет жасаған жағдайда ғана қақтығыстардың кең етек алуын шектеу мүмкіндігіне ие болары айқын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Примаков Е.М. Минное поле политики. - 3-е изд. - М.: "Молодая гвардия", - 2007.
2. Кречетников А. Кризис в Сирии: преуспеет ли Realpolitik Кремля? // Би-би-си. Русская служба. 04.02.2013. URL: http://www.bbc.co.uk/russian/international/2013/02/130204_russia_syria_mediation.shtml;
3. Арабские страны Западной Азии и Северной Африки. - М., - 2002
4. Подцероб А. Б. Восстание арабов в XXI веке: что дальше? // Институт Ближнего Востока. URL: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2011/12-03-11a.htm>.
5. Выступление и ответы на вопросы СМИ министра иностранных дел России С.В.Лаврова о ходе совместной пресс-конференции со спецпосланником Генерального секретаря ООН по Сирии С.де Мистурой по итогам переговоров. - М., - 4.11.2015 - // http://www.mid.ru/foreign_policy/news/-/asset_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/1917302
6. Ходынская-Голенищева М.С. Терроризм в Сирии. Азия-Африка сегодня. -№1, - 2016. -12-14 сс.

УДК 339.9

АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Қиюбек Жаңылсын Жадетқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті,
аймақтану кафедрасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Молдалиева А. Ы.

Азия -Тынық мұхиты аймағы – біріккен сауда қатынастарымен байланысқан елу елді қамтитын экономикалық саяси аймақ. Бұл аймақтың жетекші рөлде болуының басты себептері - әлемдік шаруашылықтағы мықты экономикалық серіктестігі, аймақтағы «Азиялық айдаһарлар» - Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Гонконг және «Азиялық жолбарыстар» - Тайланд, Малайзия, Индонезия, Филиппины мемлекеттерінің орналасуы. Территориясы жер шарының тең жартысын алып жатқан аймақтың ерекше қарқынмен дамуы саясаткерлермен ғалымдардың «XXI ғасыр Азия-тынық мұхит аймағы ғасыры» деген болжам айтуына себеп болды. Бүгінгі таңда әлемнің басты назары осы аймаққа бағытталып отыр. Аймақ жалпы әлемдік саясатта бірнеше ерекшеліктерге ие: Біріншіден, аймақтың әскери-саяси бейнесі, екіншіден аймақтың мұхит жағалауындағы мемлекеттерден құралғандығы, мұның бәрі Азия-тынық мұхиты аймағы елдерінің теңіз инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамуына жол ашады.

Азия-Тынық мұхиты негізгі 4 субаймақтан құралған:

- 1 Солтүстік – Шығыс Азия
- 2 Оңтүстік - Шығыс Азия
- 3 Оңтүстік Азия
- 4 Тынық мұхитының оңтүстік жағалауындағы елдер тобы.